Конкурстық құжаттамаға
15-қосымша

Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес сатып алынатын жұмыстардың
техникалық ерекшелігі
(тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	"Шығыс Қазақстан облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	"Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы" мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 17976952-1
Конкурстың атауы:	"Риддер қаласында трамплиндердің республикалық оқу-жаттығу кешенін салу"объектісі бойынша кілтпен құрылыс бойынша кешенді жұмыстар
Лоттың нөмірі:	№ 87578301-КСПК5
Лоттың атауы	Құрылыс бойынша «толық аяқталған» кешендік жұмыстар
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	410040.600.000000
Жұмыстың атауы:	Құрылыс бойынша «толық аяқталған» кешендік жұмыстар
Өлшем бірлігі:	Жұмыс
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	7334913793.01
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	7334913793.01
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	

Жұмыстарды орындау мерзімі	Жобалау-сараптамадан өтуді есепке алмағанда 6 ай (шарт тіркелген сәттен бастап), құрылыс-монтаждау жұмыстары - 18 ай (талон алған сәттен бастап)
Аванстық төлем мөлшері:	30
Кепілдік мерзімі (айлармен)	60

Әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп анықталған жағдайда оған қойылатын талаптар және онымен сатып алу туралы шарт жасасу (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені немесе бермегені үшін қабылдамауға жол берілмейді)	1. Жұмыстарды орындау кезінде әлеуетті өнім беруші келесі талаптарды қамтамасыз етуі тиіс: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы Мердігер жұмыс учаскесінде болуға құқығы бар барлық адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауды, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қабылдауға, сондай-ақ жұмыстардың қауіпсіз әрі тиімді тәсілмен орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер жұмыс учаскесіне рұқсатсыз кірудің алдын алу және өзінің бақылауындағы аумақта үшінші тұлғаларды кез келген қауіп-қатерден қорғау үшін барлық ақылға қонымды сақтық шараларын қабылдауға міндетті. Мердігер, оның кез келген деңгейдегі қосалқы мердігерлері, жұмыс учаскесінде жұмысқа тартылған барлық тұлғалар, сондай-ақ учаскеде болуға уәкілеттік берілген өзге де тұлғалар: Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға; жабдықтарды қауіпсіз техникалық жағдайда пайдалануға және ұстауға, сондай-ақ жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістерін қолдануға; барлық шығыс материалдары мен заттарды қауіпсіз тасымалдауды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етуге; кешкі уақытта жұмыстар жүргізілетін барлық орындарда жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ететін жеткілікті жарықтандыруды (апат болған жағдайда жеткілікті резервтік жарықтандыру құралдарын қоса алғанда), сондай-ақ жұмыстар жүргізу кезінде қажетті жол белгілері мен қоршауларды орнатуға; жұмыс орнында жұмыс істейтін немесе болуға құқығы бар барлық персоналды қажетті жеке қорғаныш құралдарымен, қауіпсіз жабдықтармен және құрал-саймандармен, еңбекті қорғау және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу қағидалары бойынша нұсқаулықтармен және нұсқамалармен қамтамасыз етуге міндетті. Қауіпсіздік жабдықтарына, оның ішінде: қорғаныш каскалары; металл тұмсықты қорғаныш жұмыс аяқ киімі; қорғаныш көзілдіріктері, дәнекерлеуші қалқандары және көзді қорғаудың басқа да құралдары; есту мүшелерін қорғайтын құралдар; сақтандыру белдіктері; жарық қайтаратын жолақтары бар арнайы кеудешелер; суда жұмыс істеуге арналған қауіпсіздік құралдары; құтқару құралдары; өртке қарсы мүкәммал жатады. Жұмыс учаскесіндегі барлық персонал қорғаныш каскалары мен арнайы жұмыс аяқ киімін міндетті түрде пайдалануы тиіс. құрылыс алаңының барлық орындарына қауіпсіз қолжетімділікті қамтамасыз етуге және оны тұрақты түрде сақтауға; жұмыс жүргізілетін орында барлық персонал үшін қажетті санитариялық-тұрмыстық жағдайларды, сондай-ақ қалдықтарды жинау мен сақтауды қамтамасыз етуге міндетті. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қатысты жоғарыда көрсетілген талаптар жұмыс учаскесіндегі жұмыстардың барлық түрлеріне және кез келген деңгейдегі қосалқы мердігерлердің барлық қызметкерлеріне міндетті болып табылады. Мердігер көрсетілген талаптардың өзі жасасқан барлық қосалқы мердігерлік шарттарға толық көлемде енгізілуін қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер адам өліміне, ауыр жарақатқа немесе еңбекке қабілеттілігін үш күннен астам мерзімге жоғалтуға әкеп соққан кез келген қауіпті

	оқиға немесе жазатайым оқиға туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге міндетті. Мұндай хабарлама бастапқыда ауызша берілуі мүмкін, алайда оқиға орын алған сәттен бастап 24 сағат ішінде жазбаша түрде расталуға тиіс. Ауыр оқиғалар немесе жазатайым оқиғалар туралы мемлекеттік органдарды хабардар ету жөніндегі Мердігердің іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Мердігер өзінің штатынан қауіпсіздік техникасы жөніндегі жауапты инспекторды тағайындауға және бұл туралы Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге міндетті. Қауіпсіздік техникасы жөніндегі инспектор еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қатысты барлық мәселелер бойынша жеткілікті тәжірибеге ие болуы және қауіпсіздік техникасы саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен талаптарды жетік білуі тиіс. Мердігер жұмыс учаскесіндегі жұмыстарды уақытша тоқтатқан жағдайда, жұмыстардың қауіпсіз күйде қалдырылуын қамтамасыз етуге міндетті. 2. Коммуникациялар орналасқан учаскелерде жұмыстарды жүргізу: Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер жұмыстар жүргізілетін учаске шегінде орналасқан барлық жер асты және жер үсті инженерлік коммуникациялардың сақталуына толық жауапты болады. Қолда бар барлық ақпаратты пайдалану, жергілікті және магистральдық инженерлік желілердің иелеріне жазбаша сұрау салулар жолдау, сондай-ақ жер асты коммуникацияларын аспаптық іздестірудің қолданыстағы әдістерін қолдану арқылы Мердігер жұмыстар жүргізу аймағына түсетін барлық инженерлік желілердің орналасқан орнын жеткілікті дәлдікпен айқындауға және оларды осы коммуникациялардың иелерімен бірлесіп сәйкестендіруге міндетті. Осылайша анықталған коммуникациялар жүргізілетін жұмыстардың түріне және оларға дейінгі арақашықтыққа қарай олардың үздіксіз жұмыс істеуін, кез келген уақытта қолжетімді болуын және негізгі жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қорғалуға тиіс немесе қажет болған жағдайда негізгі жұмыстар басталғанға дейін коммуникациялар иелерінің талаптарына, сондай-ақ құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес олардың орнын ауыстыру (қайта орналастыру) жүзеге асырылуға тиіс. Коммуникацияларды қорғау немесе оларды коммуникациялар иелерінің талаптарына сәйкес қайта орналастыру тәсіліне, сондай-ақ жұмыстарды орындау әдістеріне қатысты Мердігер қабылдаған шешімдер Тапсырыс берушімен келісіліп, мақұлдануға тиіс. Жұмыстарды орындау барысында анықталған коммуникацияларды қорғауға немесе қайта орналастыруға байланысты шығындар Мердігерге өтеледі. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат алғанға дейін, сондай-ақ жұмыстарды жүргізу құқығына рұқсат алуды қамтамасыз етуге және жұмыстардың коммуникациялар иесінің өкілі тарапынан қадағалануымен орындалуына жауапкершілік толық көлемде Мердігерге жүктеледі. 3. Техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін сынау: а) Зертханалық сынақтар Мердігер орындалатын жұмыстардың сапасын бақылау мақсатында жұмыстарда пайдаланылатын бастапқы материалдардың қасиеттерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтау үшін олардың

	зертханалық сынақтарын жүргізуге міндетті. Қиыршықтас-құм қоспасына қатысты Мердігер жұмыстарды бастауға дейін зертханалық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген қоспа құрамдарын ұсынуға тиіс. Құрамы белгіленген талаптарға сәйкес келетін материалдар үшін кейіннен жол төсемінің аяқталған қабатына қойылатын барлық талаптардың сақталуын растау мақсатында осы бөлімнің «б» тармақшасына сәйкес құрылыс алаңында сынақтар жүргізіледі. Зертханалық сынақтардың нәтижелеріне негізделген Мердігердің ұсыныстары құрылыс алаңында кейінгі сынақтарды жүргізу үшін Тапсырыс берушіге ұсынылуға тиіс. б) Құрылыс алаңындағы сынақтар Мердігер өз бағдарламасында құрылыс алаңында сынақтар жүргізуді қарастыруға міндетті. Материалдарды өңдеу, төсеу және тығыздау сапасын тексеруге арналған толық көлемдегі құрылыс алаңындағы сынақтарды Мердігер өзі ұсынған жабдықтар мен жұмыстарды орындау әдістерін пайдалана отырып, барлық жер жұмыстары мен жол төсемдерін салу жұмыстары бойынша жүргізеді. Сынақтар Мердігердің жауапты өкілінің қатысуымен жүргізіледі. Сынақтардың мақсаты – Мердігердің қолданылатын жабдықтарының қоспаларды дайындауға және төсеуге жарамдылығын, материалдарды талап етілетін тығыздыққа дейін тығыздау мүмкіндігін және жол төсемінің аяқталған қабатына қойылатын барлық талаптарды орындау мүмкіндігін көрсету болып табылады. Әрбір сынақ учаскесінде материал белгіленген қалыңдықпен төселуге тиіс. Сынақ учаскесі техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келген жағдайда орындалатын жұмыстардың құрамына енгізілуі мүмкін. Талаптарға сәйкес келмейтін учаскелер бөлшектелуге тиіс. Егер жұмыстарды орындау барысында бақылау сынақтарының нәтижелері талаптардың орындалмайтынын көрсетсе, себептері анықталғанға дейін жұмыстар тоқтатылады. Себептерді анықтау қанағаттанарлық нәтижелерге қол жеткізу үшін зертханада және құрылыс алаңында материалдарға қосымша сынақтар жүргізуді қамтуы мүмкін. Құрылыс алаңындағы сынақтардың нәтижелері Мердігерді орындалатын жұмыстардың сапасына қойылатын талаптарды сақтау жөніндегі жауапкершіліктен босатпайды. в) Сертификаттарды ұсыну және жеткізілімдердің сенімділігін растау Жобалау құжаттамасында аралық құрылымдардың арқалықты сұлбасы көзделген объектілерде Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінде тіркелген, отандық өндірістегі ГОСТ 13015-2012 талаптарына сәйкес Б21-А14-12К7Т (АГСК 226-104-0128), Б24- А14-12К7Т (АГСК 226-104-0129) және Б33-А14-12К7Т (АГСК 226-104-0130) маркалы көпір арқалықтары қолданылады. Аралық құрылымдардың плиталық сұлбасы көзделген объектілерде ГОСТ 13015-2012 талаптарына сәйкес құрастырмалы темірбетон плиталары міндетті түрде қолданылады. Құрылыс-монтаж жұмыстары басталғанға дейін және конструкциялар объектіге жеткізілгенге дейін Өнім беруші Тапсырыс берушіге тиісті құрастырмалы темірбетон конструкцияларына қатысты Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен қолданыстағы үзінді көшірмені, сапа паспорттарын, сәйкестік сертификаттарын, сондай-ақ жеткізу шартын, ниет туралы шартты немесе зауытдайындаушының/ресми жеткізушінің жұмыстарды

	орындау кестесінде көзделген мерзімдерде көрсетілген АГСК кодтары бойынша конструкцияларды жеткізуге дайын екендігін растайтын ресми кепілдік хатын ұсынуға міндетті. Сәйкестік сертификаттары мен сапа паспорттарының болуы Өнім берушіні жобалау құжаттамасының, нормативтік құжаттардың және осы техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келетін материалдар мен бұйымдарды қолдану жөніндегі жауапкершіліктен босатпайды. г) Сертификаттармен қамтамасыз етілген материалдар мен бұйымдарды сынау Тапсырыс беруші сәйкестік сертификаттары бар өнімдер мен материалдарға сынақтар жүргізу туралы тапсырма беруге құқылы. Бұл ретте сынақтарды жүргізуге байланысты шығындарды Мердігер көтереді. Жұмыстарды инспекциялау Тапсырыс беруші материалдар мен аяқталған жұмыстардың белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау мақсатында оларды жүйелі түрде тексереді және сынақтан өткізеді. Аяқталған жұмыстардың барлық учаскелері ағымдағы тексеру және сынақ жүргізу үшін Тапсырыс берушіге ұсынылуға тиіс. Мердігер Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды мақұлдағанға дейін аяқталған жұмыстардың үстінен қандай да бір кейінгі жұмыстарды орындамауға тиіс. Мердігер Тапсырыс берушіге инспекция жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей тәртіппен жұмыстарды ұйымдастыруға міндетті. Мердігер сынамалар алуға қажетті көмекті көрсетуге және сынамалар алынған орындарды қалпына келтіруге жауапты болады. Сынамаларды алу кезінде көрсетілген көмек пен сынамалар алынған жерлерді қалпына келтіруге байланысты барлық шығындар жұмыстардың тиісті түрлеріне арналған бағаларға енгізіледі және бұл үшін қосымша төлем жүргізілмейді. Мердігер жұмыстарда пайдаланылғанға дейін материалдардың немесе қоспалардың үлгілерін мақұлдау үшін Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Тапсырыс берушінің материалдар мен қоспаларды мақұлдауы Мердігерді материалдардың, қоспалардың және орындалған жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерінен босатпайды. 4. Қабылданбайтын және рұқсат етілмеген жұмыстарды жою: Белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар қабылданбайтын жұмыстар болып есептеледі. Жұмыстарды қабылдағанға дейін анықталған және қандай да бір себептермен орын алған қабылданбайтын жұмыстар Мердігердің қаражаты есебінен жойылып, қайта қалпына келтірілуге тиіс. Тапсырыс берушінің нұсқауларына қайшы орындалған, техникалық ерекшелікте көзделмеген немесе Тапсырыс берушінің рұқсатынсыз орындалған қосымша жұмыстар, олар түзетіліп, Тапсырыс беруші мақұлдағанға дейін төлемге қабылданбайды. Талаптарға сәйкес түзету жұмыстары Мердігердің қаражаты есебінен орындалуға тиіс. Егер Мердігер Тапсырыс берушінің нұсқауына сәйкес жұмыстарды түзетуді қамтамасыз етпесе, Тапсырыс беруші қабылданбайтын жұмыстарды басқа ұйымдардың күшімен жою немесе түзету туралы шешім қабылдауға және басқа ұйымдар орындаған жұмыстардың құнын Мердігерге төленетін қаражаттан ұстап қалуға құқылы. Жұмыстарды қабылдау Жұмыстарды қабылдау ҚР ПР 218-35-2016 «Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде жұмыстардың сапасын бақылау және жұмыстарды

	қабылдау жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес нарядпен берілген барлық жұмыстар толық аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Мердігерде қажетті құжаттар, сәйкестік сертификаттары немесе сапа паспорттары болмаған жағдайда жұмыстарды қабылдау тоқтатыла тұруы мүмкін. Шарттың орындалу мерзімі тоқтатылған кезде Мердігер талап етілетін құжаттарды, сертификаттарды немесе сапа паспорттарын дереу ұсынуға міндетті. Барлық құжаттар, сертификаттар және сапа паспорттары ресімделіп, Тапсырыс берушіге тапсырылғанға дейін жұмыстарды қабылдау және олардың төлемі жүргізілмейді. Егер орындалған жұмыстардың сапасы қанағаттанарлықсыз деп танылса, Тапсырыс беруші қажетті түзету жұмыстарын айқындайды және тексеру қорытынды болып есептелмейді. Белгіленген түзету жұмыстары Мердігермен дереу орындалуға тиіс. Түзету жұмыстары аяқталғаннан кейін қайта тексеру жүргізіледі және жұмыстар талаптарға толық сәйкес орындалған жағдайда ғана тексеру қорытынды болып есептеледі. 5. Жұмыстарды орындау мерзімдеріне қойылатын талаптар: Жұмыстарды орындау кезінде СТ РК 2607-2015 талаптарына сәйкес арнайы жол белгілері мен қоршау құралдары (конустар, қоршау ленталары, жол жұмыстарына арналған жол белгілері) орнатылуы тиіс. Шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Мердігер Тапсырыс берушіге жұмыстарды орындау кестесін ұсынуы тиіс. Мердігер жұмыстарды орындау барысында материалдардың ұлттық және мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес қолданылуын қамтамасыз етуге міндетті. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда жұмыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен орындалуы тиіс. 6. Аралық құрылымдардың құрастырмалы темірбетон конструкцияларына қойылатын талаптар: Жеткізуші әзірлейтін жобалау-сметалық құжаттамада (ЖСҚ) отандық тауар өндірушілердің тізілімінде (ОТП) және мемлекеттік құрылыс каталогында (АГСК) тіркелген, зауытта дайындалатын жоғары беріктікті көтергіш темірбетон элементтерін қолдану міндетті түрде көзделуі тиіс: • Аралық құрылымдары арқалықты сұлбада жобаланатын нысандар үшін: ГОСТ 13015-2012 талаптарына сәйкес алдын ала кернеуленген көпір арқалықтары Б21-А14-12К7Т (АГСК 226-104-0128), Б24-А14-12К7Т (АГСК 226-104-0129) және Б33-А14-12К7Т (АГСК 226-104-0130). • Аралық құрылымдары плиталық сұлбада жобаланатын нысандар үшін: ГОСТ 13015-2012 талаптарына сәйкес құрастырмалы темірбетон плиталары. Аралық құрылымдар үшін монолитті темірбетонды қолдана отырып жобалық шешімдерді әзірлеуге жол берілмейді және бұл Тапсырыс берушімен келісу кезеңінде жобалау құжаттамасын қабылдамауға негіз болып табылады. Жеткізілетін плиталық және арқалық типтегі барлық конструкциялар жобалау құжаттамасында көзделген, мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алған ішкі геометриялық параметрлерге, иілу мен кесуге есептік күштерге, сондай-ақ бетонның физикалық-механикалық қасиеттеріне толық сәйкес келуі тиіс. Көрсетілген параметрлердің сәйкестігі Жеткізуші тарапынан кіріс бақылауы барысында зауыт-дайындаушылардың сапа паспорттарын

	ұсыну арқылы расталады. Жұмыстарды орындау мерзімі әзірленген жобалау-сметалық құжаттаманың қорытындылары бойынша сараптама қорытындысына байланысты өзгеруі мүмкін.

Приложение 15
к конкурсной документации

Техническая спецификация
закупаемых работ, не связанных со строительно-монтажными работами
(заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Государственное учреждение "Управление строительства, архитектуры и градостроительства Восточно-Казахстанской области"
Наименование организатора	Государственное учреждение "Управление по государственным закупкам и коммунальной собственности Восточно-Казахстанской области"
№ конкурса:	№ 17976952-1
Наименование конкурса:	Комплексные работы по строительству под ключ по объекту "Строительство республиканского учебно-тренировочного комплекса трамплинов в г. Риддер"
Номер лота:	№ 87578301-КСПК5
Наименование лота:	Комплексные работы по строительству «под ключ»
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	410040.600.000000
Наименование работы:	Комплексные работы по строительству «под ключ»
Единица измерения:	Работа
Количество (объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	7334913793.01
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	7334913793.01
Срок выполнения работы:	Проектирование – 6 месяцев без учета прохождения экспертизы (с момента регистрации договора), строительно-монтажных работы - 18 месяцев (с момента получения талона)
Размер авансового платежа* *:	30 %
Гарантийный срок (в месяцах)	60

Условия к потенциальному поставщику в случае определения его победителем и заключения с ним договора о закупках (указываются при наличии) (Потенциальный поставщик за не указание и непредставление указанных сведений не отклоняется)	1.При производстве работ потенциальному поставщик должен обеспечить следующие требования: Охрана труда и техника безопасности; Подрядчик должен предпринять все меры, необходимые для того, чтобы обеспечить охрану здоровья, безопасность и благосостояние всех лиц, имеющих право быть на участке, и должен гарантировать, что работы выполняются безопасным и эффективным способом. Он должен предпринять все разумные меры предосторожности, чтобы предотвратить несанкционированный вход на участок и защитить членов общественности от любого воздействия при его контроле. Подрядчик, его субподрядчики любого уровня, все лица, нанятые им на участке, и любое другое лицо, уполномоченное им, чтобы быть на участке, должны: Соблюдать законодательство по охране труда и технике безопасности Республики Казахстан; Использовать и содержать оборудование в безопасном рабочем состоянии и использовать безопасные методы производства работ; Обеспечивать безопасные методы транспортировки, хранения и использования всех расходных материалов и веществ; Обеспечивать адекватное освещение (включая достаточные резервные средства обслуживания в случае аварии) везде, где любая работа должна выполняться поздно вечером, чтобы гарантировать, что работы могут быть выполнены благополучно, а также знаки и ограждения при выполнении работ; Обеспечивать необходимой защитной одеждой и безопасным оборудованием и инструментом, инструкциями и инструктажем по правилам охраны труда и безопасному ведению работ весь персонал, работающий или имеющий право находиться на месте проведения работ. Безопасное оборудование, кроме прочего, включает: 1) Защитные шлемы; 2) Защитную обувь с неразъемными стальными наконечниками; 3) Защитные очки, сварочные шлемы и другие способы защиты для глаз; 4) Защитные средства для ушей; 5) Защитные пояса; 6) Жакеты со светоотражающими полосами; 7) Безопасное оборудование для работы с водой; 8) Спасательное оборудование; 9) Противопожарный инвентарь. Каски безопасности и рабочая обувь должны использоваться всем персоналом на участке. Обеспечивать и поддерживать ко всем местам на строительной площадке безопасный доступ; Предоставлять всему персоналу необходимое санитарное обслуживание, сбор и хранение отходов для всех на месте проведения работ; Условия, внесенные в список относительно здоровья и безопасности, должны применяться и быть обязательными для Подрядчика для любой части работ на участке и для лиц, нанятых субподрядчиками любого уровня. Подрядчик должен гарантировать, что такие соответствующие, надлежащие и адекватные условия включены во все субподрядные договоры, заключенные им. Подрядчик должен немедленно уведомлять Заказчика относительно любых опасных происшествий или несчастных случаев со смертельными исходами, увечьями или травмами с потерей трудоспособности на срок более чем три дня. Такое уведомление может быть вначале передано устно, а в течение 24 часов с момента происшествия подтверждено письменно. Действия Подрядчика по оповещению властных структур

	о серьезных происшествиях или несчастных случаях должны отвечать требованиям законодательства. Подрядчик должен назначить одного ответственного члена его штата инспектором по технике безопасности и уведомить Заказчика относительно такого назначения. Инспектор по технике безопасности должен иметь опыт во всех вопросах, касающихся здоровья и безопасности на участках, и должен быть знаком со всеми соответствующими правилами и законодательством по технике безопасности. Когда Подрядчик временно закрывает работу на участке, он должен гарантировать, что работы оставлены в безопасном состоянии. 2.Ведения работ на участках расположения коммуникаций: При производстве работ Подрядчик несет полную ответственность за сохранность любых подземных и надземных коммуникаций, расположенных в пределах участка производства работ. Используя всю имеющуюся информацию, путем письменных запросов владельцев местных и магистральных сетей, использования существующих методов инструментального поиска подземных коммуникаций Подрядчик должен с достаточной степенью точности определить положение любых сетей, попадающих в зону производства работ и идентифицировать их совместно с владельцами данных коммуникаций. Определенные таким образом коммуникации должны быть защищены в зависимости от видов и расстояния до них проводимых работ с тем, чтобы обеспечить их постоянное функционирование, доступ к ним в любое время и безопасное ведение основных работ, или, в случае необходимости, осуществлен их перенос (переустройство) до начала основных работ в соответствии с требованиями владельцев и строительных норм и правил. Решения Подрядчика относительно способа защиты коммуникаций или их переустройства в соответствии с требованиями владельцев и способы производства работ должны быть одобрены Заказчиком. Затраты по защите или переустройству коммуникаций, установленных в процессе проведения работ, будут компенсироваться Подрядчику. Ответственным за выполнение работ, вплоть до получения разрешения на право их проведения и осуществления надзора за выполнением работ представителем владельца коммуникаций, является Подрядчик. 3.Испытания на соответствие спецификациям: а) Лабораторные испытания; Подрядчиком для целей контроля производимых работ должны проводиться лабораторные испытания исходных материалов, которые должны использоваться в работе, чтобы установить соответствие их свойств установленным требованиям. Относительно гравийно-песчаной смеси Подрядчик должен предложить составы, основанные на результатах лабораторных исследований до начала производства работ. Для материалов, состав которых отвечает установленным требованиям, затем проводятся испытания на площадке в соответствии с подпунктом «б» для подтверждения того, что все требования к законченному слою дорожной одежды будут соблюдены. Предложения Подрядчика, основанные на лабораторных испытаниях, должны представляться Заказчику для последующего проведения испытаний на площадке. б) Испытания на площадке; Подрядчик должен предусмотреть в

	своей программе проведение испытаний на площадке. Полномасштабные испытания на площадке, проверяющие обработку, укладку и уплотнение материалов, проводятся Подрядчиком для всех земляных работ и работ по устройству дорожных одежд с использованием, предложенных Подрядчиком оборудования и методов выполнения работ. Испытания проводятся в присутствии ответственного лица Подрядчика. Испытания проводятся для того, чтобы Подрядчик продемонстрировал пригодность его оборудования для производства и укладки смесей, уплотнения до требуемой плотности и возможность выполнения всех требований к законченному слою. Каждый пробный участок должен иметь материал, укладываться на установленную толщину. Пробный участок может быть включен в часть работ при условии, что он соответствует спецификациям. Участки, не соответствующие требованиям, должны быть разобраны. Если во время выполнения работ контрольные испытания показывают, что требования не удовлетворяются, то работа останавливается до выяснения причин. Выяснение причин может заключаться в дальнейших испытаниях материалов в лаборатории и на стройплощадке, чтобы получить удовлетворительные результаты. Данные испытаний на стройплощадке не освобождает Подрядчика от ответственности по соблюдению требований к качеству выполняемых работ. в) Предоставление сертификатов и подтверждение надежности поставок: При производстве работ по объектам, в проектной документации которых предусмотрена балочная схема пролетных строений, применяются мостовые балки по ГОСТ 13015-2012 марки Б21-А14-12К7Т (АГСК 226-104-0128), марки Б24-А14-12К7Т (АГСК 226-104-0129) и марки Б33-А14-12К7Т (АГСК 226-104-0130) отечественного производства, зарегистрированные в Реестре казахстанских товаропроизводителей. По объектам с плитной схемой пролетных строений в обязательном порядке применяются сборные железобетонные плиты по ГОСТ 13015-2012. До начала строительномонтажных работ и поставки конструкций на объект Поставщик предоставляет Заказчику действующую выписку из Реестра казахстанских товаропроизводителей на соответствующие сборные железобетонные конструкции, паспорта качества, сертификаты соответствия, а также договор поставки, договор намерения либо официальное гарантийное письмо завода-производителя/официального поставщика, подтверждающее готовность поставки конструкций под указанными кодами АГСК в сроки, предусмотренные графиком производства работ. Сертификаты и паспорта качества не освобождают Поставщика от ответственности за применение материалов и изделий, соответствующих требованиям проектной документации, нормативных документов и настоящей технической спецификации г) Испытания материалов и изделий, обеспеченных сертификатами; Заказчик имеет право распорядиться о проведении испытаний продукции и материалов, имеющих сертификаты соответствия, при этом стоимость проведения испытаний оплачивается Подрядчиком. Инспектирование работ Заказчик систематически инспектирует и тестирует материалы и законченную работу для оценки их соответствия установленным

	требованиям. Все участки законченной работы представляются Заказчику для текущего осмотра и испытания. Подрядчик не должен проводить какие-либо работы поверх завершенных до получения одобрения Заказчика по поводу выполненных работ. Подрядчик организует работу таким образом, чтобы обеспечить Заказчику возможность инспектирования. Подрядчик оказывает необходимую помощь при взятии проб и отвечает за восстановление мест, где берутся пробы. Полная компенсация за оказание помощи при взятии проб и за восстановление поврежденных участков в местах взятия образцов включается в расценки по различным видам работ и никакие дополнительные платежи за это не требуются. Подрядчик представляет образцы материалов или смесей для одобрения до использования их в работе. Одобрение Заказчиком материалов и смесей не освобождает Подрядчика от его обязательств по обеспечению качества материалов, смесей и работ. 4.Устранение неприемлемых и неразрешённых работ: Работы, которые не соответствуют требованиям, считаются неприемлемыми. Неприемлемые работы, обнаруженные до приемки работ и возникшие по какой-либо причине, должны быть устранены и восстановлены за счет Подрядчика. Работы, произведенные вопреки указаниям, полученным от Заказчика, или не предусмотренные спецификацией, или дополнительные работы, выполненные без разрешения Заказчика, не должны учитываться для оплаты до тех пор, пока не будут исправлены и одобрены Заказчиком. Работы по исправлению в соответствии с требованиями должны быть произведены за счет Подрядчика. Если не обеспечивается исправление работ по указанию Заказчика, Заказчик, принимает решение об устранении или исправлении неприемлемых работ другими организациями и удержании из оплаты Подрядчику затрат на работы, произведенные другими организациями. Приемка работ: Приемка работ производится после окончания всех работ, выданных нарядом в соответствии с инструкцией ПР РК 218-35-2016 «ПО КОНТРОЛЮ КАЧЕСТВА И ПРИЕМКЕ РАБОТ ПРИ СТРОИТЕЛЬСТВЕ И РЕМОНТЕ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ» Приемка может быть приостановлена в случае отсутствия у Подрядчика необходимых документов, сертификатов или паспортов качества. При приостановлении срока договора Подрядчик должен немедленно предоставить требуемую документацию, сертификаты или паспорта качества. Приемка и оплата не будут производиться до тех пор, пока все документы, сертификаты или паспорта качества не будут оформлены и переданы Заказчику. Если отмечена неудовлетворительная работа, Заказчик должен определить необходимые исправления, и проверка не считается окончательной. Завершение необходимых корректировочных работ должно быть немедленно выполнено Подрядчиком. После исправления работ должна быть произведена еще одна проверка, которая считается окончательной, если работа завершена удовлетворительно. 5.Требования к срокам проведению работ: При проведении работ необходимо устанавливать специальные знаки и ограждения конусы, оградительные ленты, знаки для проведения дорожных работ) согласно СТ РК 2607-2015. В

	течении десяти рабочих дней со дня заключения договора, предоставить график производства работ Заказчику Поставщик должен обеспечить применение материалов при выполнении работ в соответствии с национальными и межгосударственными стандартами. При этом при отсутствии национальных и межгосударственных стандартов требуется выполнить работы в соответствии в законодательном порядке 6. Требования к сборным железобетонным конструкциям пролетных строений: Разрабатываемая Поставщиком проектно-сметная документация (ПСД) должна строго предусматривать применение высокопрочных несущих железобетонных элементов заводского изготовления, зарегистрированных в реестре отечественных товаропроизводителей (ОТП) и государственном строительном каталоге (АГСК): • Для объектов с балочной схемой пролетных строений: балки мостовые предварительно напряженные по ГОСТ 13015-2012 марки Б21-А14-12К7Т (АГСК 226-104-0128), марки Б24- А14-12К7Т (АГСК 226-104-0129), марки Б33-А14-12К7Т (АГСК 226-104-0130). • Для объектов с плитной схемой пролетных строений: плиты железобетонные по ГОСТ 13015-2012. Разработка проектных решений с применением монолитного железобетона для пролетных строений не допускается и является основанием для отклонения проектной документации на этапе согласования с Заказчиком. Все поставляемые конструкции плитного и балочного типа должны строго соответствовать внутренним геометрическим параметрам, расчетным усилиям на изгиб и срез, а также физико-механическим свойствам бетона, заложенным в проектной документации, прошедшей положительное заключение Государственной вневедомственной экспертизы. Соответствие параметров верифицируется Поставщиком на этапе входного контроля с предоставлением паспортов качества заводов-изготовителей. Срок выполнения работ может меняться в зависимости от заключения экспертизы по итогам разработанной проектно-сметной документации.